

ҚҮННІҢ БАТУЫ

(Генрих Гейнеден)

Толқындаған дарияға
Қызырып оттай күн батар.
Жұқа, ақшыл бұлттар
Құрмет қып оны ұзатар.

Қарсыда, қара бұлттан
Қайғылы аппақ туар Ай.
Тұманды көкте жыбырлар
Жұлдыздар ұсақ ұшқындай.

Баяғы ерте заманда
Бұларда артық бақ болған.
Ай әйел боп, Күн – ері,
Толықсып тұрған шақ болған.

Нұрлары балқып екеуі
Қосылысқан бір мезгіл.
Айнала жұлдыз – балалары –
Жайнаған өңшең алмас гүл.

Жайнатып бақытын қоймаған,
Өтірік, өсек жайылған.
Көрместей ғып бір-бірін,
Дұшпан қып бұларды айырған.

Осы күнде тәкаппар
Күн көкте жалғыз жайнайды.
Сәулесіне алтын мәз болып,
Күн ұзын көкте ойнайды.

Бақыты мол адамдар,
Көрмеген қасірет жамылып,
Оған еш зат тең келмес,
Тәңірі қып хатта табынып.

Түн болса, аппақ қайғылы
Қорқып қана Ай туар.
Апалап ерген артында
Балалары – жетім жұлдыздар.

Бақытсыз, жанған жас қыздар
Қайғыда оны ес көрер:
Мұнын жырлап аулақта,
Ашты, ыстық жас төгер.

Айнымас әйел көңілмен,
Айбынды Күн күйеуін –
Ұмытқан жоқ Ай сорлы
Әлі күнге сүюін.

Кешкі мезгіл көп уақыт
Дірілдер, қорқар, ағарар.
Жұқа бір бұлт астынан
Батқан Күнге ол қарап.

Жүрегі жанып мұңайып,
Көзінен Күнді батырад.
Айтатында өтініп:
«Тоқта! – деп, – балалар шақырад».

Тәкаппар Күн қарамас
Мұңды Айдың түсіне.
Онан жаман қызарар,
Ашу сыймай ішіне.

Айыпсыз Айға қарамай,
Жатары барып тұл төсек.
Күн мен де Айды айырған
Не қылmas дейсің бұл өсек!